

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ, 6D010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тайтелиева Лаура Рахатовнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Беркимбаев Камалбек Мейрбековичтің

ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|-------|--|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | <p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы ҚР «Білім туралы» Заңы, Педагогтің кәсіби стандарты, ҚР білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Педагог мәртебесі Заңы, ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Педагогтің кәсіби стандарты», Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі, жоғары оқу орындары болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің сапалы даярлануына тоқталып инновациялық іс-әрекетке дайындаудың маңыздылығын атап көрсеткен.</p> <p>Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім берудегі модернизациялық өзгерістерге сәйкес, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту мәселесі өзекті болып табылады.</p> <p>Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында ғылымның және ғылыми-техникалық қызметтің басым бағыттары бойынша жоғары білікті кадрлар даярлауға аса мән берілген.</p> <p>Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар: оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі</p> |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | <p>дамыту міндеттерін жүзеге асыру қажеттілігі көрсетілген.</p> <p>Педагогтің кәсіби стандартында педагог мамандығының құндылығы мен педагогтің кәсіби құзыреттілігіне аса көңіл бөлінген.</p> <p>Мұның өзі жоғары оқу орнында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту мәселесінің қазіргі қоғам сұранысына жауап беретін, кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесін жетілдіру мен оның басымдық бағыттарын саралап, тиімділігін арттыру жолдарын қарастыруды міндеттейді.</p> <p>Тайтелиева Лаура Рахатовнаның «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады. Л.Р.Тайтелиеваның диссертациялық тақырыбының өзектілігі жоғарыда көрсетілген мәселелермен және білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыстылығын танытады.</p> |
| | | <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> | <p>Л.Р.Тайтелиеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012-Мектепке дейінгі педагогика және оқыту (8D01201- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша ұсынылған.</p> |

| | | | |
|----|---------------------|---|--|
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған. | Диссертациялық жұмыс барысында алынған ғылыми- тәжірибелік жетістіктері мектепке дейінгі білім беру жүйесі мен әдістемесінің дамуына, әсіресе болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлауда елеулі үлес қосып, білім беру жүйесіндегі маңыздылығын нақтылай түседі. Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс- әрекетке даярлығын дамыту мәселесінің теориялық әдіснамалық негіздері айқындалуы арқылы үлесін қосады және зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған. Зерттеу мәселесіне байланысты дерек көздерді зерделей келе, Біріншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың теориялық- әдіснамалық негіздері нақтыланған. Екіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әлеуеті анықталған. Үшіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалған. Төртіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесі жасалған, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар жасалып, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың аясында жүргізілетін зерттеулер арқылы үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған | Диссертация жұмысы дербес, өзекті, толық және аяқталған жұмыс болып табылады. Автор диссертацияны жазу барысында ғылыми мәлімет беруді көздеген. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпараттар түсінікті әрі мағыналы құрылымды сақтаған. Сонымен бірге, тәжірибелік жұмыс барысында қолданған әдістемелерінің нәтижесін сенімді де нақты дәлелдері көрсеткені жұмыстың жазылудағы өзі жазу принципінің сақталғанын көрсетті. |

| | | | |
|----|----------------------|---|--|
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | <p>Л.Р.Тайтелиеваның диссертациялық жұмысының өзектілігінің негіздемесі: жоғары оқу орындарында болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында; қазірі еліміздегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнның трансформациялану жағдайында педагогтардың инновациялық іс-әрекетіне қажеттіліктің жоғарлауы мен болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытуды тәжірибеде жүзеге асырудың оқу-әдістемелік жағынан толық қамтамасыз етілмеуі арасында; болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлау қажеттілігі мен оның моделінің жасалмауының арасындағы қарама-қайшылықтарды туындатады. Көрсетілген қарама-қайшылықтардан туындаған мәселелерді теориялық негіздеу мен оның тиімділігін тәжірибелі-экспериментте қарастыру негізделген.</p> |
| | | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамай 4) ды | <p>Диссертация мазмұны кіріспе, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар және 3 тарау, тараулар 3 бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерін тізімі және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді. Диссертациялық тақырып өзекті, әрі ауқымды ғылыми мәселені зерттеуге бағытталған. Диссертация мазмұны зерттеу тақырыбын толығымен айқындауға мүмкіндік береді. Диссертацияның ғылыми аппараты логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теория мен практиканың бірлігін айқындайды.</p> |

| | |
|--|--|
| <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді | <p>Зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттері диссертацияның тақырыбына толық сәйкес келеді. Біріншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері нақтыланған. Екіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әлеуеті анықталған. Үшіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалған. Төртіншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдістемесі жасалған, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар жасалған.</p> |
| <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ | <p>Л.Р. Тайтелиеваның диссертация жұмысының тараулары, барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Зерттеушінің қол жеткізген нәтижелері ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған. Тараулар мен бөлімдер арасында логикалық байланыс сақталған.</p> |
| <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; <p>талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p> | <p>Л.Р. Тайтелиеваның зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттерді шешуге арналған сыни талдаулар бар.</p> |

| | | | |
|----|----------------------------|---|---|
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> <u>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u></p> | <p>Диссертанттың зерттеу жұмысы барысындағы теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың философиялық, педагогикалық, психологиялық аспектілеріне талдау жасалып, «инновациялық іс-әрекет» және «болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамыту» ұғымдары нақтыланды.</p> <p><i>Екінші нәтиже – жаңа.</i> Идеялар қорытындыланып, инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың педагогикалық әлеуеті анықталды.</p> <p><i>Үшінші нәтиже – жаңа.</i> Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдіснамалық тұғырларға мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік, рефлексивтік – компоненттердің бірлігіндегі өлшемдері, көрсеткіштері, әдістері, технологияларынан тұратын құрылымдық-мазмұндық моделінің жаңадан жасалуымен сипатталды.</p> <p><i>Төртінші нәтиже – жаңа.</i> «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» элективті курсы, «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» оқу-әдістемелік кешені, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі», «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» дайындалып, тиімділігі іс-тәжірибеде тексерілді.</p> |
| | | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> | <p>Диссертацияның қорытындысы толығымен жаңа деуге негіз бар. Себебі әрбір зерттеу міндеттері бойынша алынған нәтижелер, ғылыми жаңалықтары және қорғауға ұсынылған қағидаларымен оны дәлелдейді.</p> |

| | | | |
|----|--|---|---|
| | | 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Зерттеушінің ұсынған «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» элективті курсы және «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» оқу-әдістемелік кешені, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі», «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | Диссертацияның барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? | Қағидалар толығымен дәлелденген. Себебі, зерттеудің қағидаттары нақты міндеттердің нәтижесінен шығарылған. Жұмыс тривиалды емес, себебі, болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың жаңа нәтижелерімен дәлелденген. Қағидат жаңа зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес төрт нәтиже жаңа, сондықтан қорғауға ұсынылған қағидаттарды жаңа деп есептеуге болады. Жұмыстың қолдану деңгейі кең ауқымды. Зерттеу жұмысының негізгі идеялары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы диссертанттың халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен түрлі басылымдарда 16 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus базасына енген шет елдік басылымда 2 мақала, ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің тізіміндегі басылымдарда 5 мақала, 5 мақала халықаралық конференция материалдары, Оқулық және оқу әдістемелік құралдар-4 жинақтарында жарияланған. |

| | | | |
|----|--|---|---|
| | | 1) ия; 2) жоқ | |
| 8. | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ | Л.Р. Тайтелиеваның диссертациялық жұмысының теориялық – әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың жиынтығы ретінде қарастырылып, дереккөздер мен ақпараттардың дәйектілігіне негізделген. Зерттеуші болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетке даярлығын дамытудың әдіснамалық тұғырлары жүйеленіп, нақты жазылған. Осы орайда қолданысқа енгізілген әдіснамалық тұғырлар (аксиологиялық, жүйелілік, іс-әрекеттік, инновациялық, синергетикалық, күзінеттілік, акмеологиялық) жиынтығы болып табылады. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ | Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені қолданылған. Теориялық әдістер: философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, педагогикалық модельдеу, құрылымдау, ассоциациялау; - эмпирикалық әдістер: – сауалнама, бақылау, тестілеу, зерттеушілік тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдаулар жасалған. |

| | |
|---|---|
| <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> | <p>Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны, ондағы негізгі тұжырымдар халықаралық, республикалық ғылыми- практикалық конференцияларда және бақылау Комитеті бекіткен тізімдегі республикалық басылымдарда жарық көрген. Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 16 мақала жарық көрді. Соның ішінде 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда. Л.Р.Тайтелиеваның диссертациясындағы эксперименттік-тәжірибе жұмысына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.</p> <p>«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 146 студенті қатысты. Олардың 72-сі – бақылау тобы, ал 74-і – эксперименттік топ. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі оның теориялық және әдістемелік ұстанымдарының жан-жақтылығымен, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін бір-бірін толықтыратын зерттеу әдістері мен эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерін пайдалана алуымен, апробациялаудың оң нәтижелерімен анықталған.</p> |
| <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> | <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> |
| <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> | <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 304 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық, нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және де басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынған.</p> |

| | | | |
|---|-------------------------------|---|---|
| 9 | Практикалық құндылық принципі | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>Л.Р. Тайтелиеваның диссертациялық жұмысында зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы бар. Атап айтсақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> - болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін инновациялық іс-әрекетке даярлауды теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; -инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың педагогикалық әлеуеті анықталған; -инновациялық іс-әрекетке болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрылған. <p>Жоғарыдағы берілген теориялық таладаулар зерттеу жұмысының теориялық маңызының бар екендігін көрсетеді.</p> |
| | | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> | <p>Диссертация жұмысының практикалық маңызы бар. «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» атты элективті курсы «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» атты оқу-әдістемелік кешені, «Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін бақылау күнделігі» «Тәрбиеші-педагогтың қысқаша инновациялық анықтамалық сөздігі» практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Алынған нәтижелерді педагогикалық жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде, мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінде, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің біліктілігін жетілдіру жүйесінде қолдануға болады.</p> |

| | | | |
|--|--|---|---|
| | | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> | <p>Л.Р. Тайтелиеваның ұсынған зерттеу жұмысындағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> — Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің кәсіби біліктілігін айқындайтын негізгі білім беру бағдарламаларын әлі де болса инновациялық іс-әрекет дағдыларын дамытуға бағыттау; — Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекетін жетілдіру мақсатында «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация» тақырыбында біліктілік көтеру курстарын ұйымдастыру; — Инновациялық іс-әрекеттерін кең ауқымда жетілдіру мақсатында Республикалық деңгейде педагогикалық ЖОО мен авторлық бірлестіктегі арнайы әдістемелік нұсқаулық пен оқу құралдарын дайындау және жетілдіру; — Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеттерінің әдістемелік сүйемелдеу мақсатында электронды портал әзірлеу; — Болашақ мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің инновациялық іс-әрекеттерінің тәжірибелік құндылығын арттыру мақсатында стартап жобаларын әзірлеу. <p>Аталған ұсыныстар педагогикалық жоғары оқу орындарында мамандар даярлау жұмысын жетілдіруге және осы бағытта зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.</p> |
|--|--|---|---|

| | | | |
|-----|---------------------------|--|---|
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. | Докторант Л.Р. Тайтелиеваның зерттеу жұмысының академиялық жазылу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сай. Ғылыми еңбек мазмұнындағы негізгі ұғымдар мен анықтамалар жүйелі ұсынылған, құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. |
|-----|---------------------------|--|---|

Шешім: «6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент: педагогика ғылымдарының докторы,
 Қожа Ахмет Ясауи атындағы
 Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры



К.М. Беркимбаев